



Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 28 сессиясының 2006 жылғы 22 маусымдағы N 308 шешімі. Ақтоғай ауданы Әділет басқармасында 2006 жылғы 25 шілдеде N 8-10-27 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 12 сессиясының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 141 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 12 сессиясының 24.04.2009 N 141 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуді кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саланы дамыту және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Х.М. Досмақов) жүктелсін.

3. Осы шешім 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

К. Түсіпбеков

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Оңғаркұлов

Аудандық мәслихаттың
28 сессиясының
22 маусым 2006 жыл
N 308 шешімімен
бекітілген

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік

ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің ҚАҒИДАСЫ:

Осы Қағида Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес жасалды.

1. Негізгі ережелер.

1. Тұрғын үй жәрдемақылары тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну, сондай-ақ тұрғын үйді жалдау (жалға беру) бойынша төлем шығындарын қайтару үшін, сонымен қатар телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырулары бойынша өтемақы түрінде тұрғындардың аз қамтылған топтарына берілетін тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

2. Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау тәртібі.

2. Өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңдылықтарымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама.

3. Тұрғын үй көмегі тұрғылықты жер бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде келесі тәртіппен белгіленеді.

1) көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:

газ:

орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда үйге - айына 8 килограмм;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда үйге – айына 10 килограмм;

қатты отын:

1 шаршы метр алаңды жылытуға 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатта салынған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде), үйге 7 тонна көмірден артық болмауы тиіс. Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

Ескерту. 3-тармақтың 2) тармақшасына өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2007.03.20 N 382 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.06.24 N 80(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

отбасының нақты тұтынған электр қуатының мөлшері:

газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;

электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді. Тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

4) Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы арнайы комиссиясының қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқы бар.

Тұрғын үй жәрдемақысын төлеу жәрдемақы алушының есепшотына аудару арқылы төленеді.

5) Есепшотқа тұрғын үй жәрдемақысының сомаларын аудару кезінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі салым салушыларының бір жолғы тапсырмалары негізінде тұрғын үй жәрдемақысы сомалары салымынан аудару үшін банктік есеп-қисаптың формаларын толтыру жолымен бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануларын тексеру қажет.

6) Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тұрғын үй жәрдемақысын алғаннан кейін коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға шыққан нақты шығындарды 1 айдың ішінде дәлелсіз себептермен (науқастануы, уақытша болмауы және тағы басқалар) төлемеген азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды тоқтатуға және бермеуге құқы бар. Тұрғын үй жәрдемақысын тоқтатып, оны бермеу туралы мәселесін комиссия тұрғын үй жәрдемақы алушысының қатыстыруымен қарайды. Комиссия шешімінің көшірмесін бөлімдер өтініш берушіге тапсырады.

3. Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі.

7. Тұрғын үй жәрдемақылар осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге

тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы балалары мен немерелері есепке алынбай тағайындалады.

8. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

9. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ 4 және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

4. Тұрғын үй жәрдемақыларды беру мерзімдері

10. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берілген айдан бастап 6 айға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған процедурасындай.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, олар отбасының табыстары, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған айдан кейінгі айдан бастап қайта есептеледі.

Тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күннен бастап емес, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.

Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларды есептеу құжаттар ұсынылған айдан бастап жүргізіледі.

11. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

12. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

13. Жәрдемақыға құқықтыларды анықтау кезде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақыларын өтіну және есептеу тәртібі.

14. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға келесі құжаттармен өтінеді:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі (тұрғын үй төлқұжаты, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі сот шешімі және басқалар);
- 4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды қоспағанда) көшірмесі;
- 6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және басқалар);
- 7) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);
- 8) өтініш берушінің қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненті екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;
- 9) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет;
- 10) жұмыссыздар тұрғылықты жер бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;
- 11) Аз қамтылған азаматтардың материалдық-тұрмыстық жағдайының тексеру актісі;

15. Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

16. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

17. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй жәрдемақысын алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі, ол өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.

18. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқықты, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.

19. Жәрдемақы мөлшері үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайланауға тұрғын үй жәрдемақысын алушысының телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына сома өтемақы шараларын қамтитын норма шегінде көтерілуіне сома нақты төлем мен тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі. Тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің шегі отбасының жиынтық табысынан 16% мөлшерінде анықталсын. Жиынтық табыс қолданыстағы заңмен белгіленген тәртіппен есептеледі.

Ескерту. 5-тармақтың 19) тармақшасына өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2007.12.24 N 48 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2008.12.23 N 114(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

20. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке және телефон үшін абоненттік ақының өсу айырмасы нақты төлем ақыны аудару сомасынан артуы тиісті емес.

21. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері тағайындалған жәрдемақы сомаларының көрсетілуімен тұрғын үй жәрдемақы алушылардың тізімін жасайды және ай сайын төленген жәрдемақылар сомасын өтеу үшін тұрғылықты жер бойынша қаржы органдарына жиынтық ведомостарды тапсырады. Телефон үшін абоненттік ақы тарифтарының арттырылуына өтемақыны төлеу және қажеттілікті құру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Тұрғын үй жәрдемақылардың қаржыландыру көздері.

22. Тұрғын үй жәрдемақылары жергілікті бюджет қаржылары есебінен қаржыланады, қалалық телекоммуникация абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің артуының бөлімдеріне – Республикалық бюджеттен жүзеге асырады.

7. Жиынтық табысты есептеу тәртібі

1. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

2. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

3. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

4. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

5. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және т.б. бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.

6. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

7. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

8. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері

8. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

5) алынып тасталды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 34 сессиясының 2007.03.20 N 382 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз);

6) өзге де табыс.

9. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй жәрдемақысы;

3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

6) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

дәрілік препараттар;

санаторийлік-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.

11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

9. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Қағиданың 9 - тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда:

жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы;

Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді.

сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі;

жалдау бойынша төленетін еңбекақы;

жұмыс беруші төлеген несиенің сомасы. Көрсетілген төлемдер несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2 - топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Қағиданың 9-тармағының 10) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар мен қосымша ақылар.

11. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сома қосылады.

12. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша (мердігерлік және басқа) жұмыстарды орындайтын адамдардың табысы шарт қолданылатын бүкіл кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық табыста есепке алынады.

13. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша, оның ішінде ғылыми, әдеби және өнер туындыларын және т.б. жасауға, шығаруға, орындауға немесе өзге де пайдалануға алынған, осы шарт есебіне аванспен төленетін сыйақылар аванс берудің бүкіл кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады, ал қалған сома шарттың аванс бергеннен кейінгі қолданылу кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады.

14. Авторлық сыйақылар (шарттар болмаған кезде), сондай-ақ жаңалық ашқаны, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар

жиынтық табысқа сыйақы сомасын ол алынған айлардың санына бөлуден алынған үлес мөлшерінде қосылады және есепті кезеңге келетін айлардың санына көбейтіледі.

15. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыс

16. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;

2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

17. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды.

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады.

18. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен расталады.

19. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде расталады.

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

11. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс

20. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

21. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

22. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі.

23. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

24. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті есепке алмай есептеледі.

25. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

12. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс

27. Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізуден алынған табыстың отбасының құрамында ескерілген әрбір мүшесіне келетін үлесі балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

26. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

27. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі немесе басқа да құзыретті орган растаған жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі.

28. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Қағиданың 1, 2, 3, 4 қосымшалардың негізінде есептейді.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

29. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Қағидада 2, 3 -қосымшаларға сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

30. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

31. Осы Қағиданың 3-қосымшаға сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және т.б.) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

32. Осы Қағиданың 30-тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына көбейтіледі.

33. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын осы Қағиданың 4-қосымшаға сәйкес балаларға арналған

жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

13. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыс

34. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

35. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

36. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.

37. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасына 1-қосымша

Қарағанды облысының табиғи жағдайы бойынша өкімшілік-аумақтық аудандардың ТІЗБЕСІ

2. Қуаң дала аймағы		
Қарағанды	1 .	Н ұ р а
	2 .	Қ а р қ а р а л ы
	3 .	О с а қ а р о в
	4 .	А б а й
	5 .	Б ұ қ а р ж ы р а у
	Қ а р а ғ а н д ы	к а л а с ы
С а р а н ь	к а л а с ы	
Ш а х т и н с к	к а л а с ы	
Теміртау қаласы		
3. Шөлейтті аймақ		
Қарағанды	1 .	Ж а ң а а р қ а
	2 .	Ш е т
	3 .	А қ т о ғ а й
	4 .	Ұ л ы т а у
	Ж е з қ а з ғ а н	к а л а с ы
	Б а л қ а ш	к а л а с ы
Қ а р а ж а л	к а л а с ы	
П р и о з е р с к	к а л а с ы	
Сәтбаев қаласы		

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік

**Шөлейтті аймақтағы жеке қосалқы
шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің
нормативтік карточкасы**

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	10	226	14,5	145	-81
Арпа	15	174	8,8	132	-42
Қарамық	8	153	82,9	663,2	510,2
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	10	91			
Бір жылдық шөптер	10	84			
Картоп	70	1102	17,7	1239	137
Көкөністер	90	1249	61,8	5562	4313
Бақшалар	85	458	35,0	2975	2517
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	22	525	116,5	2563	2038
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	20	498	90,2	1804	1306
Жидек дақылдары	10	589	200,5	2005	1416
Жүзім	20	564	143,4	2868	2304

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 да на жұмыртқаның) орташа құны, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ. – 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6

Сүтті ірі қара мал (сүт)	1100	19944	24,3	26730	6786
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	165	16016	360	59400	43384
Шошқалар (шошқа еті)	110	8462	390,5	42955	34493
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,25	1200/105	296,3/25	7926/55	6676
Жылқы (жылқы еті)	138	6044	427,5	58995	52951
Түйе (түйе еті)	1140	2925	8,9		
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)	2 0 0 жұмыртқа	728	288,2	1780	10521
Етті құс (құс еті)	2,5	489		720,5	231,5

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасына 3-қосымша

АЗЫҚ-ТҮЛКТІК ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҮЙ МАЛДАРЫ МЕН ҚҰСТАРЫНЫҢ ЖАСЫ

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	Ай	25
Қойлар мен ешкілер	Ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларды беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы

Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің ҮЛГІ ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Үйінің мекен-жайы _____

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	X	x		
Жиыны: бір тоқсандағы табыс	X	x	x	X

200_ж. " _ " _____

(өтініш берушінің қолы)

(есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК